



LaserJet Pro MFP M225 және M226 пайдалануға дайындық нұсқаулығы



Қазақша 1

Русский 9



! МАҢЫЗДЫ.

Принтердің аппараттық құрал постерінде
1-ден 3-ке дейінгі қадамдарды
орындаңыз, одан кейін оң жақтағы 4-қадамға өтіңіз.



www.hp.com/support/colorljMFP225
www.hp.com/support/colorljMFP226

www.register.hp.com

4. Басқару панеліндегі бастапқы орнату

Принтерді қосқаннан кейін оның іске қосылуын күтіңіз. Сенсорлы экран басқару тақтасын шарлау үшін, түрту, сырғыту және айналдыру қимылдарын пайдаланыңыз. Келесі параметрлерді реттеу үшін басқару панеліндегі нұсқауларды орындаңыз:

- Тіл
- Орны
- Әдепкі параметрлер

Default Settings (Әдепкі параметрлер) аумағында мына параметрлердің біреуін таңдаңыз:

- Self-managed (Өзі басқарылатын): орнатулар, конфигурациялар және жаңартулар бойынша нұсқаумен жұмыс істеу үшін оңтайландырылған әдепкі параметрлер.
- IT-managed (АТ басқаратын): жылдам басқару мүмкіндігі және жетілдірілген қауіпсіздік үшін оңтайландырылған әдепкі параметрлер.

Параметрлерді бастапқы орнатудан кейін толығымен реттеуге болады.



ЕСКЕРТПЕ. Әдепкі параметрлерді өзгерту бойынша нұсқаулар беретін бетті басып шығару үшін **Print Information Page** (Ақпарат бетін басып шығару) параметрін таңдаңыз.

ЕСКЕРТПЕ. Анықтама бөлімдерін ашу үшін принтердің басқару тақтасындағы анықтама ? түймесін түртіңіз.

5. Қосылым әдісін таңдау және бағдарламалық құралды орнатуға дайындалу

Принтер және компьютер арасындағы USB қосылымы

A-B түріне жататын USB кабелін пайдаланыңыз.

Windows

1. Windows 8, 8.1 немесе RT жүйесін ескермегенде, бағдарламалық құралды орнатпас бұрын, USB кабелін жалғамаңыз. Егер бұрыннан жалғанған болса, жалғастырудың алдында алып тастаңыз. Қажет болғанда, орнату үшін кабельді жалғау қажет болады.
2. **«6. Бағдарламалық құралды орнату файлдарын табу немесе жүктеп алу»** бөліміне өтіңіз.

ЕСКЕРТПЕ. Бағдарламалық құралды орнату кезінде **Directly connect this computer using a USB cable** (Бұл компьютерді USB кабелін пайдаланып тікелей қосу) параметрін таңдаңыз.

Mac

1. Бағдарламалық құралды орнатпас бұрын компьютер мен принтерді USB кабелі арқылы жалғаңыз.
2. **«6. Бағдарламалық құралды орнату файлдарын табу немесе жүктеп алу»** бөліміне өтіңіз.

Кірістірілген сымсыз желі қосылымы (тек сымсыз үлгілер)

1. Принтерді сымсыз (Wi-Fi) желіге қосу үшін принтердің басқару тақтасында сымсыз түймесін түртіңіз. **Wireless Menu** (Сымсыз мәзір) түймесін, одан кейін **Wireless Setup Wizard** (Сымсыз орнату шебері) түймесін түртіңіз.
2. SSID тізімінен желі атауын таңдаңыз немесе тізімде болмаса, желі атауын енгізіңіз.
3. Идентификациялық фразаны енгізу үшін пернетақтаны пайдаланыңыз, одан кейін **OK** түймесін түртіңіз.
4. Принтер желі байланысын орнатқанша сәл күте тұрыңыз.
5. Принтердің басқару тақтасындағы желі түймесін түртіңіз. Егер IP мекенжайы тізімде берілсе, желі қосылымы орнатылған. Егер берілмесе, тағы кішкене күте тұрыңыз да, әрекетті қайталаңыз. Бағдарламалық құралды орнату барысында қолданылатын IP мекенжайына назар аударыңыз. **IP мекенжайының үлгісі:** 192.168.0.1
6. Компьютерден басып шығару үшін, **«6. Бағдарламалық құралды орнату файлдарын табу немесе жүктеп алу»** тармағына өтіңіз. Тек телефоннан немесе планшеттен басып шығару үшін **«8. Мобильді және сымсыз басып шығару»** тармағына өтіңіз.

ЕСКЕРТПЕ. Бағдарламалық құралды орнату барысында **Help me set up a first-time wireless connection** (Бірінші сымсыз байланысты орнату бойынша көмек алу) опциясын таңдаңыз.

IP мекенжайын қолмен конфигурациялау

IP мекенжайын www.hp.com/support/colorljMFP225 немесе www.hp.com/support/colorljMFP226 қолмен конфигурациялау жолы туралы ақпаратты принтердің пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.



CF484-91008



Сымды (Ethernet) желі қосылымы

Стандартты желі кабелін пайдаланыңыз.

1. Желі кабелін принтерге және желіге жалғаңыз. Принтер желі мекенжайын алғанша бірнеше минут күте тұрыңыз.
2. **СКД басқару тақталары:** орнату түймесін басыңыз. IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін Network Setup (Желі параметрлерін орнату) мәзірін ашып, Show IP Address (IP мекенжайын көрсету) параметрін таңдаңыз.
Сенсорлы экранның басқару тақталары: IP мекенжайын немесе хост атауын көрсету үшін, өнімнің басқару панеліндегі негізгі экранда желі түймесін түртіңіз.
3. Егер IP мекенжайы тізімде берілсе, желі қосылымы орнатылған. Егер берілмесе, тағы кішкене күте тұрыңыз да, әрекетті қайталаңыз. Бағдарламалық құралды орнату барысында қолданылатын IP мекенжайына назар аударыңыз. Бағдарламалық құралды орнату барысында қолданылатын IP мекенжайына назар аударыңыз. **IP мекенжайының үлгісі:** 192.168.0.1
IP мекенжайын қолмен конфигурациялау үшін мына бөлімді қараңыз «IP мекенжайын қолмен конфигурациялау».
4. **«6. Бағдарламалық құралды орнату файлдарын табу немесе жүктеп алу»** бөліміне өтіңіз.



ЕСКЕРТПЕ. Бағдарламалық құралды орнату кезінде **Connect through a network** (Желі арқылы қосылу) параметрін таңдаңыз.

6. Бағдарламалық құралды орнату файлдарын табу немесе жүктеп алу



1-әдіс: HP Easy Start (Windows және OS X) қызметінен жүктеп алу

1. Мына 123.hp.com/laserjet торабына өтіп, **Жүктеп алу** (Download) түймесін басыңыз.
2. Файлды компьютерге сақтау үшін экрандағы нұсқауларды және ұсыныстарды орындаңыз.
3. Файл сақталған қалтаның ішінен бағдарламалық құрал файлын іске қосып, **«7. Бағдарламалық құралды орнату»** тармағына өтіңіз.



2-әдіс: принтердің қолдау көрсетілетін веб-торабынан (Windows және OS X) жүктеп алу

1. Мына www.hp.com/support/colorliMFP225 немесе www.hp.com/support/colorliMFP226 торабына өтіңіз.
2. **Software and drivers** (Бағдарламалық құрал және драйверлер) опциясын таңдаңыз.

3. Принтер үлгісі мен операциялық жүйе үшін бағдарламалық құралды жүктеп алыңыз.
4. Осы .exe немесе .zip файлын қажетінше басу арқылы орнату файлын іске қосыңыз.



3-әдіс: принтердің ықшам дискісінен орнату (тек Windows)

Windows үшін бағдарламалық құралды орнату файлдары принтермен берілген CD дискісінде беріледі.

OS X үшін ықшам дискідегі орнатушы файлы файлдарды Интернеттен жүктеп алуға арналған сілтемені қамтиды.

1. Принтердің ықшам дискісін компьютерге салыңыз.
2. Мына бөлімге өтіңіз: **«7. Бағдарламалық құралды орнату.»**

7. Бағдарламалық құралды орнату

Windows толық шешімі

1. Принтердің ықшам дискісін компьютерге салыңыз немесе Интернеттен жүктеп алынған бағдарламалық құралдың орнату файлын іске қосыңыз.
2. Бағдарламалық құралды орнатушы операциялық жүйенің тілін анықтайды да, орнату бағдарламасының негізгі мәзірін сол тілде көрсетеді. Ықшам дискіден орнатқан кезде орнату бағдарламасы 30 секундтан кейін іске қосылмаса, компьютерде ықшам дискіні шолып, SETUP.EXE деп аталатын файлды іске қосыңыз.
3. **Software Selection** (Бағдарламалық құралды таңдау) экраны орнатылатын бағдарламалық құрал туралы толығырақ мәліметтерді береді.
 - Ұсынылатын бағдарламалық құралды орнатуға барлық қолжетімді принтер мүмкіндіктеріне арналған баспа драйвері мен бағдарламалық құрал кіреді.
 - Орнатылған бағдарламалық құралды реттеу үшін **Customize software selections** (Бағдарламалық құрал таңдауларын реттеу) сілтемесін басыңыз. Аяқталғаннан кейін, **Next** (Келесі) түймешігін басыңыз.
4. Бағдарламалық құралды орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
5. Байланыс түрін таңдауға нұсқау берілгенде байланыс түрінің тиісті опциясын таңдаңыз:
 - **Осы компьютерді USB кабелін пайдаланып тікелей қосу**
 - **Желі арқылы қосу**
 - **Бірінші сымсыз байланысты орнату бойынша көмек алу**

 **ЕСКЕРТПЕ.** Желі арқылы қосу кезінде принтерді таңдаудың ең оңай жолы — **Automatically find my printer on the network** (Желіде принтерімді автоматты түрде табу) параметрін таңдау.

6. (Міндетті емес) Тек сымсыз үлгілер үшін бағдарламалық құралды орнату процесінің соңында **Fax Setup Wizard** (Факсты орнату шебері), **Scan to E-mail Wizard** (Электрондық поштаға сканерлеу шебері) және **Scan to Network Folder Wizard** (Желілік қалтаға сканерлеу шебері) арқылы факс жасау және сканерлеу мүмкіндіктерін орнатыңыз. Бұл — осы мүмкіндіктерді конфигурациялаудың ыңғайлы жолы. See Қосымша ақпарат алу үшін «10. Желідегі принтерлер үшін сканерлеу мүмкіндіктерін реттеу (тек сымсыз үлгілерінде - қосымша)» бөлімін қараңыз.

OS X толық шешімі

1. Интернеттен жүктеп алынған .dmg бағдарламалық құралды орнату файлын іске қосыңыз.
2. Бағдарламалық құралды орнатушы операциялық жүйенің тілін анықтайды да, орнату бағдарламасының негізгі мәзірін сол тілде көрсетеді.
3. **Installation Options** (Орнату опциялары) экраны орнатылатын бағдарламалық құрал туралы толығырақ мәліметтерді береді.
 - Стандартты орнату үшін **Install** (Орнату) түймесін басыңыз.
 - Өзгертпелі орнату үшін **Customize** (Теңшеу) түймесін басыңыз. Ашылатын экранда орнату үшін компоненттерді таңдаңыз, одан кейін **Install** (Орнату) түймесін басыңыз.
4. Бағдарламалық құралды орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
5. Бағдарламалық құралды орнату процесінің соңында принтер опцияларын конфигурациялау үшін **HP Utility Setup Assistant** орнату көмекшісін пайдаланыңыз.

OS X негізгі орнатымы

Ықшам дискіден немесе **hp.com** жүктеуінен HP толық шешім бағдарламалық құралын іске қоспастан негізгі баспа және факс драйверлерін орнату үшін мына қадамдарды орындаңыз:

1. Принтерді компьютерге немесе желіге қосыңыз.
2. **System Preferences** (Жүйе теңшелімдері) терезесінде **Printers and Scanners** (Принтерлер мен сканерлер) түймесін басыңыз, одан кейін төменгі сол жақтағы қосу түймесін басыңыз және AirPrint немесе HP Printer атаулы драйверді пайдаланып **M225** немесе **M226** тармағын таңдаңыз.

HP үшін Readiris Pro

Оптикалық мәтінді тану (OCR) мүмкіндігін қоса, қосымша сканерлеу мүмкіндіктерін қосу үшін осы тегін бағдарламалық құралды жүктеп алыңыз. Бағдарламалық құралды орнату кезінде сол жақ аумақтағы **More Options** (Қосымша параметрлер) элементін таңдаңыз, одан кейін осы бағдарламалық құралды жүктеп алу үшін **Web Support** (Веб-қолдау) тармағын таңдаңыз.

Бағдарламалық құралды Интернеттен жүктеп алу үшін www.hp.com/support/colorljMFPM225 немесе www.hp.com/support/colorljMFPM226 торабына өтіп, **Drivers** (Драйверлер) тармағын таңдап, **Software & Firmware** (Бағдарламалық құрал және микробағдарлама) опциясын таңдаңыз.

8. Мобильді және сымсыз басып шығару (қосымша)

Телефоннан немесе планшеттен басып шығару үшін құрылғыны принтер қосылған сымсыз желіге қосыңыз.

Apple iOS құрылғылары (AirPrint): Басып шығаратын элементті ашып, **Action** (Әрекет) белгішесін таңдаңыз. **Print** (Басып шығару) опциясын, принтерді, одан кейін **Print** (Басып шығару) опциясын таңдаңыз.

Жаңа Android құрылғылары (4.4 немесе одан жаңа): Басып шығарылатын элементті ашып, **Menu** (Мәзір) түймешігін таңдаңыз. **Print** (Басып шығару) опциясын, принтерді, одан кейін **Print** (Басып шығару) опциясын таңдаңыз. Кейбір құрылғылар үшін Google Play дүкенінен HP Print Service қосымша бағдарламасын жүктеп алу қажет.

Ескі Android құрылғылары (4.3 немесе ескірек): Google Play дүкенінен HP ePrint бағдарламасын жүктеп алыңыз.

Windows Phone: Windows Store дүкенінен HP AiO Remote бағдарламасын жүктеп алыңыз.

Мобильді басып шығару туралы қосымша мәліметтер

Басқа мобильді басып шығару параметрлері, соның ішінде қосымша ePrint шешімдері туралы қосымша мәліметтер алу үшін QR кодын сканерлеңіз немесе пайдаланушы нұсқаулығының «Мобильді басып шығару» бөлімін қараңыз.



HP Wireless Direct (тек сымсыз үлгілер)

HP Wireless Direct мүмкіндігі желіге немесе Интернетке байланысты қажет етпестен сымсыз мобильді құрылғыдан HP Wireless Direct қосылған принтеріне тікелей жақыннан басып шығаруға мүмкіндік береді.

HP сымсыз тікелей қосылу мүмкіндігін қосу

1. Принтердің басқару тақтасындағы сымсыз  түймесін басыңыз. **Wireless Menu** (Сымсыз мәзір) түймесін, одан кейін **Wireless Direct** түймесін түрттіңіз.
2. **On/Off** (Қосу/Өшіру) түймесін, одан кейін **On** (Қосу) түймесін түрттіңіз.
3. Қауіпсіз басып шығару үшін **Security** (Қауіпсіздік) түймесін, одан кейін **On** (Қосу) түймесін түрттіңіз. Көрсетілген идентификациялық фразаны есте сақтаңыз. Осы идентификациялық фразаны мобильді құрылғыларға кіруге рұқсат ету үшін пайдаланыңыз. Қорғалмаған басып шығаруға рұқсат ету үшін **Security** (Қауіпсіздік) түймесін, одан кейін **Off** (Өшіру) түймесін түрттіңіз.

 Сымсыз басып шығару мен сымсыз орнату туралы қосымша ақпаратты мына беттен қараңыз: www.hp.com/go/wirelessprinting.

9. Электрондық пошта арқылы HP ePrint мүмкіндігін орнату (қосымша)

Құжаттарды кез келген электрондық пошта қосылған құрылғыдан, керек десеңіз бірдей желіде емес құрылғылардан принтердің электрондық пошта мекенжайына электрондық пошта тіркемесі ретінде жіберу арқылы оларды басып шығару үшін электрондық пошта арқылы HP ePrint мүмкіндігін пайдаланыңыз.

Электрондық пошта арқылы HP ePrint функциясын пайдалану үшін принтер мына талаптарға сай болуы керек:

- Принтер сымды немесе сымсыз желіге қосылған және Интернетке кіру мүмкіндігі бар болуы керек.
- Принтерде HP Web Services қосылып тұруы және принтер HP Connected қызметіне тіркелген болуы керек.

HP Web Services қызметтерін қосу (тек сымсыз үлгілері)

1. Принтердің басқару тақтасының негізгі экранындағы веб-қызметтер  түймесін түртіңіз.
2. **Enable Web Services** (Веб-қызметтерді қосу) түймесін түртіңіз. Принтер веб-қызметтерді қосады, одан кейін ақпараттық бетті басып шығарады. Ақпарат бетінде HP принтерін HP Connected қызметінде тіркеу үшін қажет принтер коды болады.
3. HP ePrint есептік жазбасын жасап, параметрлерді орнату процесін орындау үшін, www.hpconnected.com торабына өтіңіз.

10. Желідегі принтерлер үшін сканерлеу мүмкіндіктерін реттеу (тек сымсыз үлгілерінде - қосымша)

Принтерде файлдарды сканерлеп, электрондық пошта қосымшасы ретінде жіберетін немесе оларды желідегі қалтада сақтайтын **Scan to E-mail** (Электрондық поштаға сканерлеу) және **Scan to Network Folder** (Желілік қалтаға сканерлеу) мүмкіндіктері бар. Принтер сымды немесе сымсыз желіге қосылған болуы керек. Бұл опцияларды конфигурациялау үшін, алдымен, келесі ақпаратты алыңыз:

- **Scan to Email** (Электрондық поштаға сканерлеу) мүмкіндігі үшін SMTP серверінің атын, SMTP портының нөмірін және түпнұсқалықты растау туралы ақпаратты алыңыз. Ақпаратты алу үшін электрондық пошта/интернет қызметтері провайдеріне немесе жүйе әкімшісіне хабарласыңыз. SMTP сервер атауларын және порт атауларын, әдетте, интернетте іздеуді орындап оңай табуға болады. Мысалы, «gmail smtp серверінің атауы» немесе «yahoo smtp серверінің атауы» сияқты терминдерді іздеңіз.
- **Scan to Network Folder** (Желілік қалтаға сканерлеу) мүмкіндігі үшін ортақ желілік қалта дұрыс рұқсаттармен реттелгенін және желідегі сол қалтаға жолды білетінізді растаңыз.



ЕСКЕРТПЕ. **Scan to Email** (Электрондық поштаға сканерлеу) және **Scan to Network Folder** (Желілік қалтаға сканерлеу) мүмкіндігін реттеу туралы анықтама алу үшін пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз немесе www.hp.com/support/colorljMFPM225 немесе www.hp.com/support/colorljMFPM226 торабына өтіп, «электрондық поштаға сканерлеу» немесе «желілік қалтаға сканерлеу» кілт сөздерін іздеңіз.

Windows

Кейбір HP өнімдерінде бағдарламалық құрал ықшам дискісінен драйверді орнатуға болады. Осы орнатудың соңында **Setup Scan to Folder and Email** (Қалтаға және электрондық поштаға сканерлеу параметрлерін орнату) опциясы болады. Параметрлерді орнату шеберлері негізгі реттеу опцияларын қамтиды.

Электрондық поштаны орнату шеберіне сканерлеу

1. **Start** (Бастау) мәзірінде **Programs** (Бағдарламалар) тармағын таңдаңыз.
2. **HP** түймесін, өнімнің атауын, одан кейін **Scan to E-mail Wizard** (Электрондық поштаға сканерлеу шебері) түймесін басыңыз.
3. **Outgoing Email Profiles** (Шығыс электрондық пошта профильдері) диалогтық терезесіндегі **New** (Жаңа) түймесін басыңыз. **Scan to Email Setup** (Электрондық поштаға сканерлеуді орнату) диалогтық терезесі ашылады.
4. **1. Start** (Бастау) бетінде **Email Address** (Электрондық пошта мекенжайы) және **Display Name** (Дисплей атауы) енгізіп, **Next** (Келесі) түймесін басыңыз. Қауіпсіздік PIN кодын жасау міндетті емес.
5. **2. Authenticate** (Растау) бетінде **SMTP Server** (SMTP сервері) және **Port Number** (Порт нөмірі) мәнін енгізіңіз.

 **ЕКЕРТПЕ.** Көбінесе әдепкі порт нөмірін өзгерту қажет болмайды.

6. Егер электрондық пошта қызметіне Google™ Gmail қызметін пайдаланып жатсаңыз, **Always use secure connection (SSL/TLS)** (Әрқашан қауіпсіз байланысты пайдалану (SSL/TLS)) құсбелгісін қойыңыз.
7. Егер SMTP серверіне электрондық хат жіберуге аутентификация қажет болса, **Email Log-in Authentication** (Электрондық поштаға кіру аутентификациясы) құсбелгісін қойыңыз, одан кейін пайдаланушы идентификаторы мен құпия сөзді енгізіңіз. **Next** (Келесі) түймесін басыңыз.
8. **4. Finish** (Аяқтау) бетінде барлық параметрлердің дұрыстығын тексеріп, **Finish** (Аяқтау) түймесін басыңыз.

Желілік қалтаны орнату шеберіне сканерлеу

1. **Start** (Бастау) мәзірінде **Programs** (Бағдарламалар) тармағын таңдаңыз.
2. **HP** түймесін, өнімнің атауын, одан кейін **Scan to Network Folder Wizard** (Желілік қалтаға сканерлеу шебері) опциясын басыңыз.
3. **Network Folder Profiles** (Желілік қалтаның профильдері) диалогтық терезесінде **New** (Жаңа) түймесін басыңыз. **Scan to Network Folder Setup** (Желілік қалтаға сканерлеуді орнату) диалогтық терезесі ашылады.
4. **1. Start** (Бастау) бетінде **Display Name** (Дисплей атауы) және **Destination Folder** (Межелі орын қалтасы) мәндерін енгізіп, **Next** (Келесі) түймесін басыңыз.
KEҢЕС. Browse (Шолу) түймесін қалта орнын табу үшін басыңыз.
5. Компьютердің жұмыс үстелінде желілік қалтаның белгішесін жасау үшін **Create a Desktop shortcut to the network folder** (Желілік қалтаның жұмыс үстеліндегі белгішесін жасау) құсбелгісін қойып, **Next** (Келесі) түймесін басыңыз. Қауіпсіздік PIN кодын жасау міндетті емес.
6. **2. Authenticate** (Түпнұсқалықты растау) бетінде Windows® пайдаланушы аты мен құпия сөзін енгізіп, **Next** (Келесі) түймесін басыңыз.
7. **3. Configure** (Теңшеу) бетінде әдепкі тексеру параметрлері дұрыс екендігін тексеріп, **Filename Prefix** (Файл атауы префиксі) өрісінде файл атауы префиксін енгізіп, **Next** (Келесі) түймесін басыңыз.
8. **4. Finish** (Аяқтау) бетінде барлық параметрлердің дұрыстығын тексеріп, **Save and Test** (Сақтау және тексеру) түймесін басыңыз.
9. Конфигурациялауды аяқтау үшін **Finish** (Аяқтау) түймесін басыңыз.

OS X

Dock ішінде HP утилитасының белгішесін басу немесе **Go** (Өту) мәзірін басу, одан кейін **HP Utility** HP утилитасын екі рет басу арқылы HP утилитасын ашыңыз.

Электрондық поштаға сканерлеу

1. **System** (Жүйе) жиекбелгісін басып, **Administration** (Басқару) сілтемесін басыңыз да, **Email** (Электрондық поштаға сканерлеу) параметрін **On** (Қосу) мәніне орнатыңыз.
 2. **Scan** (Сканерлеу) жиекбелгісін басып, **Outgoing E-mail Profiles** (Шығыс электрондық пошта профильдері) сілтемесін басыңыз да, **New** (Жаңа) түймесін басыңыз.
 3. **E-mail Address** (Электрондық пошта мекенжайы) аумағында қажетті жолдарды толтырыңыз.
 4. **SMTP Server Settings** (SMTP сервер параметрлері) аумағында қажетті жолдарды толтырыңыз.
-  **ЕКЕРТПЕ.** Көбінесе әдепкі порт нөмірін өзгерту қажет болмайды.
5. Егер SMTP серверіне электрондық хабар жіберу үшін растау қажет болса, **SMTP Authentication** (SMTP аутентификациясы) аумағындағы мына жолдарды толтырыңыз. Қауіпсіздік PIN кодын жасау міндетті емес.
 6. **E-mail Message Preferences** (Электрондық хабар теңшелімдері) аймағында электрондық пошта теңшелімдерін конфигурациялаңыз.
 7. Барлық мәліметтерді қарап шығыңыз, одан кейін **Save and Test** (Сақтау және тексеру) түймесін басыңыз.

Scan to Network Folder (Желідегі қалтаға сканерлеу)

1. **System** (Жүйе) жиекбелгісін басып, **Administration** (Басқару) сілтемесін басыңыз да, **Scan to Network Folder** (Желі қалтасын сканерлеу) параметрін **On** (Қосу) мәніне орнатыңыз.
2. **Scan** (Сканерлеу) жиекбелгісін басып, **Network Folder Setup** (Желілік қалта орнату) сілтемесі бөлектелгенін тексеріңіз.
3. **Network Folder Configuration** (Желілік қалтаны реттеу) бетінде **New** (Жаңа) түймешігін басыңыз.
4. **Network Folder Configuration** (Желілік қалта параметрлерін реттеу) аумағындағы қажетті жолдарды толтырыңыз. Қауіпсіздік PIN кодын жасау міндетті емес.
5. **Scan Settings** (Сканерлеу параметрлері) аумағында қажетті жолдарды толтырыңыз.
6. Барлық мәліметтерді қарап шығыңыз, одан кейін **Save and Test** (Сақтау және тексеру) түймесін басыңыз.


11. Факсты орнату (қосымша)

11.1 Принтерді қосу

Принтер аналогтық құрылғы болып табылады. HP компаниясы принтерді арнаулы аналогтық телефон желісінде пайдалануды ұсынады.


ЕСКЕРТПЕ. Кейбір елдерде/аймақтарда өніммен бірге берілген телефон сымына адаптер қажет болуы мүмкін.

Принтермен бірге берілген телефон сымын принтердегі факс портына және қабырғадағы телефон ұясына қосыңыз.



Жауап беру аппаратына немесе қосымша телефонға қалай қосыламын?

1. Ашаны телефон портынан суырыңыз.
2. Жауап беру аппаратының телефон сымын телефон ұясынан ажыратыңыз, одан кейін оны принтердегі телефон портына қосыңыз.
3. Принтермен бірге берілген телефон сымын принтердегі факс портына және қабырғадағы телефон ұясына қосыңыз.



Сандық телефон орталарында HP принтерлерін қалай орнатамын?

HP принтерлері әдеттегі аналогтық телефон қызметтерімен бірге пайдалану үшін жасалған. Сандық телефон ортасы үшін (DSL/ADSL, PBX, ISDN немесе FoIP сияқты) факсқа арналған принтерді реттегенде, сандық-аналогтық сүзгілер немесе түрлендіргіштер қажет болуы мүмкін.

Ескертпе: Телефонды шығарған компанияға байланысты принтер барлық сандық қызмет желілерімен немесе провайдерлерімен, барлық сандық орталарда немесе барлық сандық-аналогтық түрлендіргіштермен үйлесімді болмауы мүмкін. Реттеу опцияларының қайсысы ең жақсы екенін анықтау үшін телефонды шығарған компания өкілдеріне хабарласыңыз.

Ескертпе: Ішкі және сырты қоңыраулар үшін әр түрлі қоңырау үлгілері бар PBX телефон жүйесінде қоңырау үлгілерін анықтауды реттеу кезінде қоңырау үлгісін жазып алу үшін сыртқы нөмірден принтердің факс нөмірін тергеніңізді тексеріңіз.

11.2 Принтерді реттеу

Факс мүмкіндігін пайдалану үшін факс уақытын, күнін және тақырып параметрлерін конфигурациялауды қажет етеді.

1. Принтердің басқару тақтасының негізгі экранындағы орнату түймесін түртіңіз.
2. **Fax Setup** (Факсты реттеу) тармағын, одан кейін **Basic Setup** (Негізгі реттеу) тармағын таңдаңыз.
3. **Time/Date** (Уақыт/күн) пәрменін таңдаңыз.
4. 12-hour clock (12 сағаттық) немесе 24-hour clock (24 сағаттық) параметрін таңдаңыз.
5. Пернелер панелін пайдаланып ағымдағы уақытты енгізіп, **OK** түймесін түртіңіз.
6. Күн пішімін таңдаңыз.
7. Пернелер панелін пайдаланып ағымдағы күнді енгізіп, **OK** түймесін түртіңіз.
8. **Fax Header** (Факс тақырыбы) параметрін таңдаңыз.
9. Пернелер панелін пайдаланып факс нөмірін енгізіңіз де, **OK** түймесін түртіңіз.

ЕСКЕРТПЕ. Факс нөміріндегі таңбалар саны ең көбі 20 болады.

10. Пернелер панелін пайдаланып компания атын немесе тақырыбын енгізіп, **OK** түймесін түртіңіз. Стандартты пернелер панелінде жоқ арнайы таңбаларды енгізу үшін **@#\$** түймесін түртіп арнайы таңбаларды қамтитын пернелер панелін ашыңыз.

ЕСКЕРТПЕ. Факс тақырыбындағы таңбалар саны ең көбі 40 болады.

Қосымша мәліметтер!

Факсты кейінірек жіберуді жоспарлау немесе факстарды компьютерден жіберу сияқты факстарды жіберудің басқа жолдары туралы қосымша ақпаратты пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз: www.hp.com/support/colorljMFPM225 немесе www.hp.com/support/colorljMFPM226.

Принтерді бөлек факс машинасы ретінде немесе жауап беру машинасымен не болмаса қосымша телефонмен конфигурациялау туралы ақпаратты принтердің ықшам дискісіндегі пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Ақауларды жою

Пайдаланушы нұсқаулығы

Пайдаланушы нұсқаулығына принтерді пайдалану және ақауларды жою туралы ақпарат кіреді. Оны принтердің ықшам дискісінен және мына веб-тораптан алуға болады:

1. Мына www.hp.com/support/colorljMFP225 немесе www.hp.com/support/colorljMFP226 торабына өтіңіз.
2. **Manuals** (Нұсқаулықтар) түймешігін басыңыз.
Windows жүйесі үшін ұсынылған бағдарламалық құралды орнату барысында пайдаланушы нұсқаулығы компьютерге көшіріледі.
Windows® XP, Windows Vista®, and Windows® 7
Start (Бастау) түймесін басып, **Programs** (Бағдарламалар) немесе **All Programs** (Барлық бағдарламалар) таңдап, **HP**, HP принтері қалтасын және **Help** (Анықтама) таңдаңыз.
Windows® 8
Start (Бастау) экранында, экранның бос аймағын тілтірудің оң жағымен басыңыз және бағдарламалар тақтасынан **All Apps** (Барлық бағдарламалар) тармағын таңдаңыз, одан кейін принтердің аты бар белгішені басыңыз және **Help** (Анықтама) пәрменін таңдаңыз.

Микробағдарлама жаңартуларын тексеру

1. Принтердің басқару тақтасының негізгі экранындағы орнату түймесін түртіңіз.
2. Жылжып барып, **Service** (Қызмет) мәзірін ашыңыз.
3. **LaserJet Update** (LaserJet жаңартуы) тармағын таңдаңыз.
4. **Check for Updates Now** (Жаңартуларды қазір тексеру) тармағын таңдаңыз.

Басқару панелінің анықтамасы

Анықтама бөлімдерін ашу үшін принтердің басқару тақтасындағы анықтама ? түймесін түртіңіз.



Қосымша қолдау ресурстары

Принтер бойынша HP компаниясының жан-жақты анықтамасын алу үшін келесі мекенжайға өтіңіз:

www.hp.com/support/colorljMFP225 немесе www.hp.com/support/colorljMFP226

- Проблемаларды шешу
- Кеңейтілген конфигурация нұсқауларын табу
- Бағдарламалық құрал жаңартуларын жүктеп алу
- Қолдау форумдарына қосылу
- Кепілдік және нормативтік ақпарат табу
- Мобильді басып шығару ресурстары

Сымды (Ethernet) желі қосылымы

- Дұрыс ұзындықтағы кабельді пайдаланып, принтердің дұрыс желілік портқа жалғанғанын тексеріңіз.
- Желілік порттың жанындағы шамның жанып тұрғанын тексеріңіз.
- Компьютерде баспа драйвері орнатылғанын тексеріңіз.
- Желі ақпаратын жіберу арқылы желі байланысын тексеріңіз:
Windows
Start (Бастау) > **Run** (Іске қосу) тармағын таңдаңыз. Одан кейін **cmd** деп теріп **Enter** пернесін басыңыз. **Ping** деп теріңіз, бос орын енгізіңіз, принтердің IP мекенжайын теріңіз, одан кейін **Enter** пернесін басыңыз.
IP мекенжайының үлгісі: 192.168.0.1
OS X
Желі утилитасын ашып, **ping** (жаңғырықты тексеру) аймағына IP мекенжайын теріңіз. **Enter** пернесін басыңыз.
IP мекенжайының үлгісі: 192.168.0.1
- Егер терезе ақпарат жіберу уақытын көрсетсе, онда желі жұмыс істейді.
- Егер ping жұмыс істемесе, принтерді қайта іске қосып, қосылым қадамдарының барлығын қайтадан тексеріп көріңіз.

Сымсыз желі қосылымы (тек сымсыз үлгілер)

- Желі кабелінің қосылмағанын тексеріңіз. Желі кабелі қосылып тұрғанда, принтер сымсыз желіге қосыла алмайды.
- Принтер мен сымсыз маршрутизатордың қосылып тұрғанын және қуаты бар екенін тексеріңіз. Сымсыз қосқыштың қосылып тұрғанын да тексеріңіз.
- Принтер сымсыз желінің ауқымында екенін тексеріңіз. Көптеген желілер үшін принтер сымсыз кіру нүктесінің (сымсыз маршрутизатор) 30 м (100 фут) ауқымында болуы тиіс.
- Компьютерде баспа драйвері орнатылғанын тексеріңіз.
- Компьютер мен принтердің бірдей сымсыз желіге қосылғанын тексеріңіз.
- Мас үшін сымсыз маршрутизатордың Bonjour желісін қолдайтындығын тексеріңіз.
- Сымсыз маршрутизаторды қайта қосыңыз.

Сымсыз диагностика сынағын орындау

1. Принтердің басқару тақтасының негізгі экранындағы орнату түймесін түртіңіз.
2. **Self Diagnostics** (Өзіндік диагностика) тармағын, одан кейін **Run Wireless Test** (Сымсыз тексеруді іске қосу) тармағын таңдаңыз.

Факс ақауларын жою

Жалғанғанын тексеру

- Телефон сымының принтердің артындағы факс портына және розеткаға жалғанғанын тексеріңіз.
- Қосымша телефон немесе басқа қосымша құрылғы үшін телефон сымының принтер артындағы телефон портына және құрылғыға жалғанғанын тексеріңіз.
- Теру үні анықталмағандықтан немесе желі бос емес болғандықтан телефоннан қоңырау шала алмасаңыз, басқа телефон желісіне жалғаңыз.
- Fax over IP қызметі үшін факс жылдамдығын азайтып принтердің басқару тақтасындағы **Fax Settings** (Факс параметрлері) мәзірінен **Error Correction Mode** (Қателерді түзету режимі) опциясын ажыратыңыз.

Принтердің факс параметрлерін тексеру

- Телефон компаниясынан немесе қызмет провайдерінен дауысты пошта қызметін пайдалансаңыз, принтердің **Rings to Answer** (Жауап беруге арналған қоңырау үндері) параметрі үшін автожауапбергішке қарағанда азырақ қоңырау үні орнатылғанын тексеріңіз.
- Егер бірнеше телефон нөмірлері үшін бірдей телефон желісі тағайындалып, желі бірнеше құрылғылар үшін ортақ болса, принтер үшін дұрыс ерекше қоңырау үні параметрі орнатылғанын тексеріңіз. Принтердің факстарға жауап беру және басқа қоңырау үні түрлерін елемейтін параметрді пайдаланыңыз.
- Факс жылдамдығы параметрін Орташа (V.17) немесе Баяу (V.29) күйіне реттеу факс жіберу мүмкіндігін жетілдіреді.

Факстың диагностика сынағын орындау

1. Принтердің басқару тақтасының негізгі экранындағы орнату түймесін түртіңіз.
2. **Self Diagnostics** (Өзіндік диагностика) тармағын, одан кейін **Run Fax Test** (Факсты тексеруді орындау) тармағын таңдаңыз.

Жергілікті өкілдіктері:

HP Inc. Мекенжайы: 1501 Page Mill Road, Palo Alto, California 94304, U.S.

Ресей: ООО "ЭйчПи Инк",

Ресей Федерациясы, 125171, Мәскеу, Ленинград шоссесі, 16А блок 3,

Телефон/факс: +7 495 797 35 00 / +7 499 92132 50

Қазақстан: "ЭйчПи Глобал Трэйдинг Би.Ви." компаниясының Қазақстандағы филиалы. Қазақстан

Өнім ерекшеліктері

Кәсіби сапалы құжаттарды керемет мәнде басып шығарыңыз.

- **Басып шығару жылдамдығы:** А4 өлшемді қағазда минутына (парақ/минут) 18 парақ және Letter өлшемді қағазда 19 парақ/мин. басып шығарады



Пайдаланушылар тарапынан қалдық жабдықты тастау

Бұл таңба өнімді басқа үй қоқысымен тастауға болмайтындығын білдіреді. Оның орнына қалдық жабдықты пайдаланылған электрлік және электрондық жабдықтарды өңдеу үшін жинайтын арнайы орынға тапсыру арқылы адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауыңыз керек. Қосымша ақпарат алу үшін үй қоқысын тастау қызметіне хабарласыңыз немесе мына торапқа өтіңіз: www.hp.com/recycle.

Химиялық заттар

HP компаниясы пайдаланушыларға өнімдеріміздің құрамындағы REACH (Еуропалық одақ пен ЕО кеңесінің ЕС № 1907/2006 ережесі) сияқты заңды талаптарға сәйкес келуі қажет химиялық заттар туралы ақпарат беру бойынша міндеттемені мойнына алады. Осы өнімге арналған химиялық мәліметтер есебін мына жерден табуға болады: www.hp.com/go/reach.

Өнімді өндіру күні

Принтер өндірілген жылды және айды анықтау үшін өнімдегі жапсырманы қараңыз және тізімде өндірілген күнді табыңыз.



LaserJet Pro

Руководство по началу работы с МФУ M225 и M226

Қазақша 1

Русский 9



ВАЖНО!

Выполните **шаги 1–3**, указанные в брошюре по настройке оборудования принтера, после чего перейдите к шагу 4 справа.



www.hp.com/support/colorijMFPM225
www.hp.com/support/colorijMFPM226



www.register.hp.com

4. Первоначальная настройка с панели управления

После включения принтера дождитесь его инициализации. Для навигации на сенсорной панели управления используйте жесты прикосновения (нажатия), пролистывания и прокрутки. Следуйте приглашениям на панели управления, чтобы настроить следующие параметры:

- Язык
- Расположение
- Параметры по умолчанию

Выберите один из следующих параметров в области **Параметры по умолчанию**:

- Обслуживание пользователем: настройки по умолчанию с пошаговыми инструкциями при выполнении установки, конфигурирования и обновления.
- Обслуживание ИТ-службой: настройки по умолчанию, оптимизированные для управления парком устройств и повышенной безопасности.

Любые параметры можно изменить после завершения начальной установки.



ПРИМЕЧАНИЕ. Выберите **Печать информационной страницы**, чтобы напечатать сведения о том, как изменить настройки по умолчанию.

ПРИМЕЧАНИЕ. Чтобы открыть интерактивную справку, нажмите кнопку справки ? на панели управления принтера.

5. Выбор способа подключения и подготовка к установке программного обеспечения

Прямое подключение USB между принтером и компьютером

Необходимо использовать кабель USB типа «А-В».

Windows

1. Не подсоединяйте USB-кабель до завершения установки ПО (кроме случаев, когда используется ОС Windows 8, 8.1 или RT). Если он уже подключен, извлеките его перед продолжением. Программа установки предложит подключить кабель в нужный момент.
